



**Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 26 наурыз N 353  
"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы"

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы

Z962823\_

Заңына сәйкес

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы

"Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын құру туралы

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы"  
Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңына сәйкес қаулы  
етемін:

- 2007 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге "Ақтау теңіз порты"  
арнайы экономикалық аймағы құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық  
аймағы туралы ереже бекітілсін.
3. Осы Жарлық 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2002 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
N \_\_\_\_\_ Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

"Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) теңіз сауда портының аумағында және қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес шекараларда Маңғыстау облысы Ақтау қаласының әкімшілік-аумақтық шекараларының шегіндегі оған жапсарлас аумақта орналасқан.

АЭА-ның аумағы 227,1 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

2. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы республика экономикасының дүниежүзілік шаруашылық байланыстар жүйесіне белсенді енуі, тиімділігі жоғары, оның ішінде жоғары технологиялы және экспортқа бағытталған өндірістерді құру, өнімдердің жаңа түрлерін шығаруды игеру инвестицияларды тарту, нарықтық қатынастардың құқықтық нормаларын пысықтау, басқарудың және шаруашылық жүргізудің қазіргі әдістерін ендіру, сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешу үшін аймақтың жедел дамуы мақсатында құрылады.

АЭА-ның аумағында банк қызметтерін Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес екінші деңгейдегі банктер көрсетеді.

3. АЭА-ның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен реттеледі.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда арнайы экономикалық аймақ туралы заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4. АЭА оның аумағында ерекше құқықтық режим қолданылатын Қазақстан Республикасының шектелген аумағын білдіреді.

## 2. АЭА-ны басқару және атқарушы органдардың өкілеттіктері

### 5. Ақтау қаласының әкімшілігі:

АЭА-ны басқаруды жүзеге асырады;

АЭА-ның стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асырады;

мемлекеттік және өзге де органдардың АЭА аумағындағы өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

отандық және шетелдік инвестицияларды, сондай-ақ АЭА-ны дамыту үшін несиелік қаражаттарды тартуды және оны құру мақсаттарына қол жеткізуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6. Жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыру үшін Ақтау қаласының өкімі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган құруға құқылы.

## 3. АЭА-ның аумағында салық салу

7. АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңдарымен реттеледі.

## 4. Кедендік реттеу

8. АЭА-ның аумағы Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес еркін кеден аймағының кеден режимі қолданылатын Қазақстан Республикасының аумағы ретінде қаралады.

АЭА шекараларының периметрлері арнайы қоршаумен қоршалады.

9. АЭА-ның аумағындағы кедендік ресімдеу және бақылау Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 5. Шетелдік азаматтардың АЭА аумағында болу тәртібі

10. АЭА-ның аумағында шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда белгіленген кіру, шығу, транзит және болу тәртібі қолданылады.

## 6. Қорытынды ереже

11. Осы Ережеде белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертілуі мүмкін.

12. АЭА ол құрылған мерзім аяқталғаннан кейін таратылады.

13. Арнайы экономикалық аймақ құру мақсатына қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда арнайы экономикалық аймақ Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мерзімінен бұрын таратылуы мүмкін.

14. АЭА-ны таратқан кезде Ақтау қаласының әкімияты: таратуға дейін үш айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресми жариялауға құқығы бар баспа басылымдарында АЭА-ны алдағы тарату, оны таратуға байланысты өтініштер мен талаптарды қабылдау тәртібі және мерзімдері туралы хабарландыру жариялайды.

АЭА аумағында қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға оның аумағында орналасқан тауарларды өзге кеден режиміне қайта ресімдеу тәртібін түсіндіруді қамтамасыз етеді;

АЭА таратылғаннан кейін бір айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне АЭА қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.

15. АЭА мерзімінен бұрын таратылған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен рәсім осы Ереженің 14-тармағында көзделген рәсімдерді сақтай отырып алты ай мерзімнен кешіктірілмей аяқталуы тиіс.